



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

күш, орыстандыру саясатына қарсы тосқауыл, әрі әлеуметтік-рухани және күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ететін құрал ретінде жоғары бағалады. Елді Исламның астарына үңіліп, ғылыми тұрғыда танып-білуге үндеді [2].

Қолданылған әдебиет

1. «Айқап». Құрастырушылар Субханбердина Ү., Дәуітов С.-Алматы:Қазақ энциклопедиясы,1995.
2. Асқаров Н. «Айқап» журналындағы саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени мәселелердің көрінісі. Ф.ғ.к. авторефераты -Алматы: ҚҰҰ. 1999.

УДК 215: 321.01.8

ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМДАҒЫ ДІННІҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Ташмакова Тилеген Мұхтаровна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,3 курс студенті, Астана,
Қазақстан

«Діннің тұтастығы – қашан да елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны тарихтан баршамызға белгілі. Бірнеше дін өкілдерінен тұратын халықтардың мұсылман, христиан болып, ал бір дінді ұстанып отырып-ақ оның тармақ-тармағына бөлініп, өзара алақөз болған елдердің бастан кешіп отырған тауқыметтерін көріп те, біліп те отырмыз. Сондықтан, қалыптасқан дінге өзгеріс енгізбек болып, өздерінше жаңашылық таппақшы болып жүргендерге отпен ойнауға болмайды деген ескерту жасағымыз келеді.»

Н.Ә.Назарбаев.

Дәл бүгін елімізге қауіпті дерт – дәстүрсіздік, жалпы дінсіздік һәм ағармандарды адастыру. Кезінде мемлекет қаржысымен (кеңестік Қазақстанның) оқып-тоқыған бірсыпыра адам қазір сол мемлекеттен өрбіп шыққан Қазақстанның елдік-имандылық тұтастығына іріткі салуын жалғастырып келеді. Олар “Қазаққа болысамын ” деп ұлт бәйтерегіне өрмелеп шығады да...тарихи өзекпен жалғасқан, жапырақ жайған бұтақтарды кесе бастайды. Бұл жазғандардың қайманалығы: кесіп жатырмын деп ойламайды, әлемдік таным бұтағымен будандастырып жатырмын деп ойламайды[1,3]. Дін - мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Атақты тарихшы Л.Н.Гумилев: «Бір халықты идеологиялық тұрғыда жаулап алу қару қолданып, күш жұмсаудан арзан, әрі анағұрлым тиімді» - екенін айтқан. Сол сияқты бүгінгі мемлекеттер әскери күшпен жаулап алудан гөрі ұлттық сананы улау әдісін де кең қолдануда. Баршамызға белгілі, ұлт тарихы ажырамас екі негізден құралады: Бірі- егемендік жолындағы ерлік күрестерден құралған азаматтық тарих, ал екіншісі-ұлттың идеологиялық бағдарын орнықтыру жолында жасалған рухани тарих... Рухани тарих-ұлт тәжірибесінде жинақталған рухани ілімдер, рухани құндылықтар, ұлттық және мемлекеттік идеологиялар тарихы[4]. Бүгінде мәдени және әдеби мұраларымыздағы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан діни-рухани желіні пайымдап, тереңдей зерттеп танудың мүмкіндігі туып отыр. Тәуелсіздікпен туындаған бұл мүмкіндік төл мәдениетіміздегі рухани сабақтастықтың алтын өзегін зерделеуге жол ашады. Дінге қатысты төрт мәселе бар: діни таным, діни сана, діни сенім және діни тәжірибе. Ал діни тәжірибе-халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен рухани құндылықтарымыздың көрінісі.

Түркі дүниесіне ислам діні қағидалары сопылықты танытқан дәруіштер арқылы еніп, жергілікті халықтың сенімдік жүйесінің негізіне айналды. Түркілер дүниетанымы мен наным-сенімінен орын алған түсініктерді жоққа шығармастан, олардың рухани құндылығын арттыратын күш сопылық ілім қағидаларынан орын алды.Соның ішінде даналық хикметтері арқылы халық сеніміне иман ұялатқан Ахмет Ясауи ілімінің орны ерекше. Қожа Ахмет

Ясауи өз хикметтерінде Құдай дидарына ғашық болған пенделерінің дүнияуи қызықтардан бас тартып, тек Аллаға құлшылық етуді насихаттаған. Бүгінгі күні, жастарымыздың бойына мейірім-шапағат, қайырымдылық, адалдық, ізгілік қасиеттерді дарыту Ясауи хикметтерінен бастау алса, артық етпейді. Өз тарихын көкірек көңілінде сақтаған қазақ халқы өзіне ғана тән қайталанбас, өшпес рухани дүниеге, ұлттық дүниетанымға болмыс-бітімге ие халық. «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», - дейді елбасымыз Н.Назарбаев... Сондықтан, түркі өркениетінің көне ордасы, қазақ хандығының астанасы және қазақ халқының діни орталығы болған қасиетті Түркістан өңірінде өмір сүрген, дүйім жұртты таң қалдырған от ауызды, орақ тілді Ахмет Ясауи бабамыздың өнегесі өшпес қазына, қазіргі заманда үлгі боларлық мол тәжірибе мен құндылыққа бай мұра емес пе?! Себебі, қазақ дүниетанымындағы Ясауи мұраларының орны ерекше. Мұсылмандардың көпшілігі Ханафи мазхабында екені белгілі. Қазақстанда жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру және ұлттық ерекшелікті сақтау жолында Имам Ағзам Әбу Ханифаның діни мұрасы ерекше рөл атқарды. Жергілікті ерекшеліктерге мән беру мен оларға төзімділікпен қарау ханафи мазхабының барынша кең таралуына жол ашты. Ал қазақ даласына Ханафи мазхабының дәнін еккен, оның ары қарай халық санасына орнығуына септігін тигізген де – Қожа Ахмет Ясауи. Қай заманда да қоғамның негізгі қозғаушы күші - кейінгі ұрпақ. Тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту жолында жас ұрпақты заман көшіне сай қалыптастыру басты мәселелердің бірі. Ең алдымен, діни сана мен діни білімді қалыптастырып, ұлттық тұрғыдағы тәрбие берілуі керек деп санаймын.

«Қазақ тарихында қазақ ұялатындай ештеңе жоқ» деп Елбасымыз айтқандай, ғасырлар бойы қасық қаны қалғанша арпалысқан, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бүгінгі күні тәуелсіз өркендеген мекенде қанат жайып, тарих ізін жалғастыруда. Мемлекетіміздің Ата Заңымызға сәйкес дін ісіне араласпайтыны белгілі. Алайда қандай да бір мемлекеттің діннен, дін ісінен тысқары тұра алмайтыны — тағы да дәлелді керек етпейтін өмір шындығы.

Дін мен мемлекеттің түйісер жері - елдің тұтастығы және қоғамның ауызбіршілігі мен тұрақтылығы! Бүгінгі күнде ел тұрғындары арасында жаңа діни ағымдардың таралуы кеңінен орын алып отырғаны барлығымызға белгілі. Бұл құбылысқа тұрғындардың сенім еркіндігінен туындайтын таңдау еркімен қатар, олардың діни сауатсыздығы, жаңа діни ағымдардың адам санасына психологиялық әсер етудің тиімді формалары мен әдістерін қолдануы, тұрғындардың, әсіресе жастардың әлеуметтік және материалдық тұрғыдан қорғалмауы мен олардың басқалардың көзқарасына тәуелді болуы тәрізді факторлар үлкен ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-ші бабының бірінші және төртінші тармақтарында былай деп көрсетілген: «Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген... Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады». Діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен қызметі мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен және өзге де құқыққа қарсы әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және оның қызметіне тыйым салынады[2]. Дегенмен де, «іштен шыққан жау жаман» демекші, еліміздегі діни ахуалды пайдаланып, халықты арбауда. Дәстүрлі емес ағымдар біздің ұлттық болмысымызға нұқсат келтіруде. Мемлекетіміздің зайырлылық сипаты - бұл Қазақстанның табысты дамуының негізі болса, зайырлылық ұстанымын теріс бұрмалап жүрген ағымдарға қарсы күресудің қандай жолы бар?! Ал, осы күрделі ахуал ертеңгі күні қандай болмақ?! «Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында бірдей жауапты»[2]. Қоғамдағы діни және зайырлылық өмір бастауларының арасындағы қайшылықты руханилық қасиеті шеше алатын секілді. Ол жеке немесе тұтас алғандағы зайырлылық пен дінилік аясынан кең, сондай-ақ, ол екеуінің де мәнділік негізін құрайды. Біздің жастарымыздың діни экстремизмге және кейбір

радикалдық бағыттарға еруі, қазір қоғамда орын алып жатқан дінге қатысты кейбір келеңсіз оқиғалардың негізгі себептерінің бірі - адам баласының бойындағы имандылықтың жоқтығы, діни сауатсыздық. Ал көзі ашық адамды ешкім де алдай алмайды. Сондықтан, еліміздің жарқын болашағына діни экстремизм діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл жасаушылар екенін түсіндіру керек. «Жаңа қоғамға өтудің, қуатты мемлекет құрудың негізгі тетігі — саяси тұрақтылық»[3].

XX ғасырда заман өзгерді, қоғам өзгерді. Бір емес, бірнеше рет. «Езілдік, жаншылдық. Бар нәрсемізден айырылды. Бір-ақ нәрсемізді бермедік. Ол – иманымыз еді. Иманымызды ар шүберегіне орап сақтадық» деп түркістандық зиялылар айтқандай, бүгінге бұзылмай жеткен иманды қорғаушылар болғанды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз кез келген қиындықты бейбітшілік, келісім және тұрақтылық негізінде жеңіп шығамыз. Дінаралық және ұлтаралық келісім – біздің басты байлығымыз» деген ойы әрбір Қазақстан азаматының күнделікті ұстанымына айналуы тиіс. Өйткені ішкі тұрақтылық пен ауызбіршіліктің сақталуы жағдайында ғана еліміз болашақта көздеп отырған мақсаттарына қол жеткізе алатындығы анық. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйытқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі — қазақ халқы өз мойнына алуы керек[3]. Елбасының «Қазақстан 2050» стратегиясы: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты халыққа жолдауының мақсаты осы емес пе?! Ел тыныштығын, халық бірлігін, атадан келе жатқан салтын көзіміздің қарашығындай сақтап қалу, оны кейінгі ұрпаққа аманат ету.

Токсан сөздің тобықтай бір түйіні, бүгінгі күнде еліміз үшін бейбітшілік пен келісімді сақтау маңызды. Сондықтан да жас жеткіншектер Қазақстанда тұратын ұлыстардың дәстүрін, мәдениетін, діни сенімі туралы хабардар болуы керек. Өйткені дін кез келген халқының ұлттық сана-сезімі мен мәдениетінің ерекшелігін ашатын фактор. Адам баласындағы дінге мұқтаждығынан туған діни ашқарақтық салдары, сауатсыз көзқарас пен діни ұғымға деген түсінігі төмендігінен қоғамға жат әрекеттің пайда болып жатқанының куәсі болып отырмыз. Теріс ағымдардың керуені күннен күнге қаншама қаракөз жастарымызды дәстүрлі жолымыздан адастыруда! Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, діннің саясаттың құралы болуына жол бермейік, ағайын! Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ұстанымын дұрыс арнаға салайық. Тәуелсіздіктің бір тұғыры ел бірлігі болса, зайырлылық сол жолға апаратын қақпа тәрізді. Тек ертең басқа қақпаның есігін қағып тұрудан сақтанайық!

Қолданылған әдебиет

1. «Асыл дін және ұлт зиялылары». – Алматы: Халифа Алтай Халықаралық қайырымдылық қоры, 2009. –224 бет.
2. Қазстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты: www.akorda.kz.
4. «Abai.kz » ақпараттық порталы

УДК: 373.014.52

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІН МӘСЕЛЕСІ.

Тұратова Айсәуле Тұяққызы

Ai_saule_96@list.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ Филология және көптілді білім беру
институтының 2 курс студенті, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- С.Ғ.Тәжібаева

Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни